

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 7 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Сіздердің қарауларыңызға Мәжіліс қабылдаған «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Заң Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берілген Бала құқықтары туралы конвенцияның хабарламалар рәсіміне қатысты факультативтік хаттамасына қосылу туралы тапсырмасына сәйкес қабылдануда.

Заңның негізгі мақсаты Бала құқықтары туралы конвенцияға 2011 жылғы 19 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған факультативтік хаттаманы ратификациялау.

Еліміз факультативтік хаттамаға ағымдағы жылғы 7 ақпанда қол қойды. Бұл хаттама Қазақстан 1994 жылғы 8 маусымда ратификациялаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясына қосымша келісім.

Құжат Бала құқықтары туралы конвенцияда және екі факультативтік хаттамада көзделген бала құқықтарының бұзылуы туралы шағымдарды қабылдауға және қарауға өкілеттік береді.

Қаралып отырған хаттамаға сәйкес, егер балалар, не олардың өкілдері Қазақстандағы барлық деңгейдегі құқық қорғау тетіктерін толық қолданып, шыққан шешіммен келіспесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне өз құқықтарының бұзылуы туралы шағымды бір жыл ішінде бере алады.

Хаттама хабарламаларды қараудың екі рәсімін қарастырады, олар – жеке және мемлекетаралық хабарламалар.

Хабарламаны жабық отырыста қарағаннан кейін комитет өз ұсынымдарын тиісті тараптарға жолдайды. Өз кезегінде қатысушы мемлекет ұсыныстарды қарауға және қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

Балалар мәселелері әрқашан ерекше назар аударуды қажет етеді және олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі. Осы орайда салалық мемлекеттік органдар балалар құқықтарының бұзылуының алдын алуға баса назар аударуы тиіс.

Әлемнің қай елінде болса да қазақстандық балалардың құқықтарының кез келген бұзылуы бойынша жағдайды үнемі қадағалап, жедел әрекет етулері тиіс.

Қаралып отырған хаттаманы ратификациялау арқылы біз балалар құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында тағы бір маңызды қадам жасаймыз.

Қорыта айтқанда, заңды қабылдау теріс және өзге де жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Қаралып отырған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппараттан ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Мәжіліс қабылдаған «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Заңды мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне.

Факультативтік хаттаманың 5-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар тарапынан балалардың құқықтары бұзылғанда өздеріне шағым беруге мүмкіндік берілген. Менің пайымдауымша бұл ерекше күтімді қажет ететін балалардың білім алу құқығы бұзылғанда немесе балалар үйіндегі тәрбие алушыларға қатыгездік көрсетілген кезде білім беру мекемелері және прокуратура органдары балалардың өтініштеріне көңіл аудармаған

жағдайда өте маңызды болмақ. Өкінішке қарай, осындай жағдайлар өмірде кездесіп отырады. Сонымен қатар мемлекетімізде балалардың мүдделерін қорғайтын қандай халықаралық құқықтық нормалардың бар екендігі туралы жасөспірімдер тұрмақ ересек азаматтар да білмейді.

Осыған байланысты балалар мен ересектердің балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы, оның ішінде бүгін қаралып отырған факультативтік хаттама талаптарын ақпараттандыру, халықтың хабардар болуын қамтамасыз ету бойынша қандай іс-шаралар қаралған? Жоспарларыңыз бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Оқу-ағарту вице-министрі Оспан Еділ Сабырұлы, жауап беріңіз.

ОСПАН Е.С. Ғалиасқар Төлендіұлы, сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қаралып отырған хаттамаға сәйкес еліміздегі кез келген бала немесе олардың өкілдері Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы Халықаралық балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитетке шағым жасауға құқылы. Алайда ол шағымдар елдегі ішкі рәсімдер аяқталғаннан кейін ғана жасалады. Ал жалпы халықты осы жаңадан қабылданатын тетік туралы хабарландыру жүргізілетін болады.

Әуелі атап өтуіміз керек, бұл шағымдардың барлығы Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Бас комиссарының секретариаты арқылы онлайн форматта беруге жағдай жасалған. Осы ақпаратты біз хаттама қабылданған жағдайда бала құқықтары жөніндегі уәкілетті органның сайтында орналастыратын боламыз және жалпы хаттаманың беретін мүмкіндіктері туралы барлық білім беру мекемелерін балалар құқықтарымен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар арқылы ақпараттандыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Ниязовой Нурие Исмагиловне.

НИЯЗОВА Н.И. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству просвещения.

Согласно пункту 1 статьи 5 протокола сообщения могут представляться лицами самостоятельно либо от их имени, при этом они должны находиться под юрисдикцией государства-участника, в случае нарушения их прав, предусмотренных такими договорами, как Конвенция о правах ребенка, Факультативный протокол к Конвенции о правах ребенка, касающийся торговли детьми, детской проституции и детской порнографии, Факультативный протокол к Конвенции о правах ребенка, касающийся участия детей в вооруженных конфликтах. То есть предусмотрен очень широкий и серьезный спектр вопросов, по которым можно обратиться.

Однако рассмотрение сообщений Комитетом Организации Объединенных Наций по правам ребенка осуществляется только после рассмотрения их во всех инстанциях своей страны, то есть проходит достаточно длительный период.

Из вышеизложенного возникают два вопроса.

1. Насколько актуальны и решаемы проблемы, поднимаемые заявителями, после такого продолжительного времени рассмотрения?

2. В каких случаях применяются более короткие сроки рассмотрения, которые предусмотрены статьей 10 протокола? Спасибо.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ОСПАН Е.С. Спасибо за вопросы, Нурия Исмагиловна.

В нашей стране все механизмы защиты прав детей предусмотрены. Конечно, государственные органы будут принимать все необходимые меры в случае обращения наших граждан в Комитет Организации Объединенных Наций по правам ребенка. При этом надо отметить, что решение комитета является рекомендательным. По итогам рассмотрения этих сообщений к нам поступает рекомендация Комитета Организации Объединенных Наций по правам ребенка. Наши государственные органы будут рассматривать данные обращения согласно утвержденному регламенту. Хочу отметить, что данный регламент уже утвержден совместным приказом Министерства иностранных дел, Генеральной прокуратуры и Министерства юстиции.

По второму вопросу. По отдельным видам обращений протоколом предусмотрено рассмотрение в ускоренном режиме. Это касается тех правонарушений, которые происходят в зонах боевых действий, и других правонарушений в отношении детей, по которым необходимы неотлагательные меры. Мы знаем, что таких правонарушений у нас в стране нет, не зафиксировано. Думаю, что эти процедуры не будут нас касаться.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӨУТИЕВ Ә.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Оқу-ағарту министрлігіне.

Хаттаманың 3-бабы 2-тармағына сәйкес комитет өзінің қағидаларында баланың атынан әрекет ететіндер тарапынан оған айла-шарғы жасауына жол бермеуге бағытталған кепілдіктерді қамтиды және оның пікірінше, баланың ең жақсы мүдделерін қамтамасыз етуге жауап бермейтін кез келген хабарламаны қараудан бас тарта алады. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші. Мұнда қандай кепілдіктер туралы айтылып отыр және бұл кепілдіктер қалай іске асырылатын болады?

Екінші. Қазақстандағы «Балалар жылы» аясында облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері тағайындайтын өңірлерде бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметі енгізілді. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер баланың құқықтары мен мүдделерін бұзу жөніндегі өтініштерді, жергілікті атқарушы органдар мен басқа ұйымдар тарапынан әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарды қарайды.

Қарастырылып отырған хаттама қабылданған жағдайда Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің жұмысы қалай ұйымдастырылатын болады, соны түсіндіріп берсеңіз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне жіберілетін хабарламаларды рәсімдеу кезінде өңірлік уәкілдерге консультативтік қолдау жүзеге асырылатын бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еділ Сабырұлы, жауап беріңіз.

ОСПАН Е.С. Сұрақтарыңызға рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы.

Соңғы сұрақтан бастайын. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қоғамдық институт ретінде өткен жылдан бастап елімізде жұмыс жасай бастады. Олар облыс, өңір басшыларының кеңесшілері болып табылады. Қазіргі күні бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің жұмысы балалардың құқықтарын қорғау саласында бірқатар тиімді шараларды қабылдауға мүмкіндік беріп отырғанын көріп отырмыз. Осыған байланысты біз осы уәкілдердің құқықтық статусын заңмен бекіту мәселесін бастама жасап көтеріп отырмыз.

Осы хаттамаға сәйкес осы балалардың Біріккен Ұлттар Ұйымына шағым жасау кезінде қандай да бір адамдардың оларға консультация беруі қарастырылмаған. Бұл уәкілдер біз айтып отырған еліміздің ішкі процедуралары аясында жұмыс жасайтын болады, яғни бұл біздің мемлекетішілік процедура.

Бірінші сұрағыңызға келсек, бұл өте орынды норма. Хаттаманың 3-бабында балалар құқығын пайдалана отырып манипуляция жасайтын хабарламаларды Біріккен Ұлттар Ұйымының комитеті қабылдамай қоюы мүмкін екендігі айтылған, яғни белгілі бір ұйым балалардың құқығын алға тарта отырып шын мәнінде басқа бір мүддені көздейтін болса, ондай хабарламалар мен өтініштер комитетте қаралмайды дегенді білдіреді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Талғат Тұрлыбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы балаларды құқықтық қорғау тетіктерін одан әрі кеңейтуге бағытталған. Бұл факультативтік хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 2011 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған.

Хаттамаға сәйкес балалар, не олардың өкілдері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне құқықтарының бұзылуы туралы шағым түсіре алады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының комитеті әрбір істі қарайды және қатысушы мемлекеттерге нақты ұсынымдарды қамтитын шешімдер қабылдайды.

Қазақстанның хаттамаға қосылуы балаларға өз мүдделерін халықаралық заңнама аясында қорғауға құқық береді және еліміздің балаларын құқықтық қорғауды жаңа деңгейге арттыруға ықпал етеді. Дегенмен сіздердің назарларыңызды келесі мәселеге аударғым келеді.

Заңды қарау барысында біздер хаттаманың уәкілетті орган ұсынған қазақ тіліндегі бейресми аударманың 17-бабында «мүгедек» деген термин қолданылғанын және бұл орыс тіліндегі нұсқадан алынғанын, ал басқа бес тілдегі нұсқада бұл сөз «мүгедектігі бар адам, бала» деген мағынада берілгенін анықтадық. Біздің ұлттық заңнамада бүгінгі күні «мүгедек» сөзін дискриминациялық термин болғандықтан қолданбаймыз. Осы себепті биыл біздер Әлеуметтік кодексті қабылдағанда аталған сөзді «мүгедектігі бар адам, бала» деген терминге ауыстырдық.

Факультативтік хаттаманың 24-бабына сәйкес ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндер түпнұсқа болып табылады. Бұл тілдер Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілі. Сонымен қатар ағылшын және француз тілдері Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс тілдері және оны күнделікті кәсіби хат, ақпарат алмасуларда қолданады.

Осыған орай Сыртқы істер министрлігі және уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар халықаралық құжаттарды мемлекеттік тілге аудару кезінде ұлттық заңнамаға сәйкес келмейтін сөздерді Біріккен Ұлттар Ұйымының ағылшын, француз немесе басқа да ресми тілдерін негізге алып аударулары және терең лингвистикалық сараптама жасаулары тиіс деп есептейміз.

Құрметті әріптестер, заңды толығымен қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, елімізде өскелең ұрпақтың құқықтарын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрдайым басты назарда. Сондықтан Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының бұл саладағы бастамаларын толығымен қолдайды. Бүгін қаралған хаттама соның дәлелі.

Мақұлданған заң азаматтарымызға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне бала құқықтарының бұзылуы туралы шағымдануға мүмкіндік береді. Бұл құжат елімізде балалардың мүдделерін қорғау тетіктерін жетілдіру үшін қосымша заңнамалық негіз қалыптастырады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған заңның негізгі мақсаты 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге енгізілетін өзгерістерді заңдық рәсімдеу болып табылады.

Қолданыстағы келісімге сәйкес 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Ресейден Қазақстанға әкелілетін мұнай және мұнай өнімдері есепке алыну мақсатында Ресей тарапынан кедендік декларациялауға жатады. Бұл шарттар көрші мемлекетке экспорттық кедендік баж алмай біздің елімізге мұнай өнімдерін әкету есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

2019 жылы Ресей уақытша мерзімді декларациялау рәсімін тоқтатып, кедендік декларациялау арқылы статистикалық есепке алуды жалғастыру бөлігінде екіжақты келісімнің 3-бабына өзгеріс енгізуге бастамашы болды.

Екі елдің кеден кодекстерінде көзделген уақытша мерзімді декларациялау тауарлардың бір партиясын белгіленген кезең ішінде оны бірнеше бөлікке бөліп әкетуге мүмкіндік беретін экспорттық кедендік рәсімдеу нұсқасы болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан айқындалған квоталар шеңберінде автобензин, авиа, дизель отыны және тағы басқа ресейлік мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін импорттайды. Осыған байланысты уақытша мерзімді декларациялауды қолдану бір жағынан Ресейде бөлінген квотаның барлық көлемін сақтайтын монополист экспорттаушының пайда болуына әкелді, ал екінші жағынан қазақстандық кәсіпкерлерді ресейлік мұнай өнімдерін жеткізушілерді немесе сатушыларды таңдауда шектеді. Осыған байланысты қаралып отырған заңда келісімнің 3-бабына Ресейден Қазақстанға әкелілетін мұнай мен мұнай өнімдеріне қатысты уақытша мерзімді декларациялаудың күшін жою бөлігінде өзгеріс енгізіледі.

Бұл өзгеріс екі тәсілмен әкелілетін мұнай мен мұнай өнімдеріне қолданылмайды:

біріншіден, керек-жарақ ретінде әкету. Өйткені керек-жарақтарды декларациялау көлік құралдарын кедендік декларациялаумен жүзеге асырылады;

екіншіден, 2022 – 2024 жылдары құбыр арқылы әкету. Себебі бұл мәселе екіжақты келісіммен реттеледі.

Жалпы, бұл заң қазақстандық кәсіпкерлерге баға белгілеу және жеткізу мерзімдері бөлігінде өз мүдделерін ескере отырып, мұнай өнімдерін еркін сатып алуға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, заңды қарастыру барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай

өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заңды мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне арналады.

Қарастырылып отырған құжаттың негізгі мақсаты Ресей Федерациясында ресейлік мұнай өнімдерін Қазақстанға жеткізу кезінде уақытша мерзімдік кедендік декларациялауды қолдану туралы норманы алып тастау болып отыр. Энергетика министрлігінің ұсынылған материалдарында ресейлік мұнай өнімдерін Қазақстанға әкету кезінде уақытша мерзімді декларациялауды қолданудың күшін жою тек Ресей Федерациясы үшін ғана емес, сонымен қатар қазақстандық кәсіпкерлерге де оң әсер етер етіп, оларға сатушыны, жеткізу шарттарын және тиісінше олар үшін қолайлы бағамен таңдауға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Бүгінгі таңда Қазақстанда маусымдық көктемгі егіс және күзгі егін жинау жұмыстарының алдында мұнай өңдеу зауыттарында алдын алу жоспарлы жұмыстарын жүргізуге байланысты жанар-жағармай тапшылығының туындау қаупі бар. Осыған байланысты сұрағым бар.

Индикативті теңгерім шеңберінде Ресей Федерациясынан Қазақстанға жанар-жағармай импортының жыл сайынғы көлемі жанар-жағармай тапшылығын жоюға әсер ете ме? Осыны айтып берсеңіз.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Ақкенженов Ерлан Құдайбергенұлы, жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Сұлтан Мырзабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Жауап берейін. Иә, ол бізге көмектеседі, себебі тапшылық кезінде бізде Ресей Федерациясынан керекті дизель көлемін алып келуге (импорттауға) мүмкіндік бар.

Тағы да сіздің бір сұрағыңызға жауап берейін деп едім. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірігіп біз график құрамыз. Сол графиктің ішінде ай сайын біз керекті көлемді бөлеміз және ол көлемді біз тең бөлеміз, сондықтан мұнай өңдеу зауыттарына жақсы бір салмақ (нагрузка) түседі. Сол себепті маусым кезінде тапшылық болмауда.

Біріншіден, біз ауыл шаруашылық өнімін өндірушілерге дизельдің тиісті көлемін береміз, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» АҚ-на бөлеміз және АЗС-ке бөлеміз. Мұнай өңдеу зауыттарына салмақ (нагрузка) түскен кезде жоспарлы жұмыстарды жүргізуде тапшылық болмайды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.



АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства энергетики Республики Казахстан.

Согласно изменению, которое вносится в действующее соглашение, нефть и нефтепродукты, вывозимые из России в Казахстан, в целях учета будут подлежать таможенному декларированию в Российской Федерации, как если бы они вывозились за пределы таможенной территории ЕАЭС, при этом без применения временного периодического таможенного декларирования, за исключением вывоза нефти и нефтепродуктов трубопроводным транспортом в 2022 – 2024 годах.

Согласно пояснительной записке инициатива о внесении изменения в соглашение принадлежит российской стороне. В этой связи у меня следующие вопросы.

1. Какие еще положительные правовые и социально-экономические моменты для казахстанской стороны можете назвать, кроме тех, которые озвучил коллега в своем докладе, и тех, которые Вы сейчас озвучили?

2. В отношении каких случаев протокол предусматривает исключение для вывоза трубопроводным транспортом? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Құдайбергелұлы, жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Айнуր Серикпаевна, спасибо за вопросы.

Временное периодическое декларирование – это вид таможенного декларирования, который носит ограничительный характер. Например, объем дизельного топлива либо битума, который предусмотрен официальным документом, подписанным Российской Федерацией и Республикой Казахстан, называемым «индикативные балансы», позволяет один выделенный объем разделить на несколько объемов и задекларировать только определенным компаниям. Пример из жизни. В августе мы увеличили индикативные балансы поставки битума со 100 тысяч до 300 тысяч. За 11 минут три российские компании (не буду называть эти компании) разделили этот объем и получили как бы эксклюзивное право поставлять на территорию Республики Казахстан.

То есть наши предприниматели, наши дорожно-строительные компании не имели возможности выбора ни поставщика, на завода-изготовителя, соответственно, ни цены, ни условий оплаты.

Ратифицируя данное соглашение, мы убираем все преграды и даем возможность нашим предпринимателям свободного доступа (российский доступ) выбирать поставщика, соответственно, объемы, условия поставки и оплаты.

По второму вопросу по трубопроводному транспорту. Поскольку этим соглашением закрепляется транзит по территории Республики Казахстан российской нефти, то декларирование остается. На сегодняшний момент поставки нефти на территорию Республики Казахстан из территории Российской Федерации (именно назначением Республики Казахстан) не осуществляются, осуществляются только своп-операции поставки 4 миллионов тонн российской нефти на Павлодарский нефтеперерабатывающий

завод. Аналогичный объем нефти мы отдаем на трубопроводе «Атасу – Алашанькоу», который идет в Китайскую Народную Республику. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Согласно статье 3 двухстороннего Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о торгово-экономическом сотрудничестве в области поставок нефти и нефтепродуктов в Казахстан, нефть и нефтепродукты, классифицируемые в группе 27 единой товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Таможенного союза, в целях учета подлежат таможенному декларированию в Российской Федерации, что позволяет российской стороне вести учет вывоза нефтепродуктов в Казахстан без взимания экспортной таможенной пошлины.

Протокол о внесении изменения в данное соглашение предлагает дополнить статью 3 словами «(за исключением указанных товаров, вывозимых в качестве припасов)». Как известно, под припасами понимается особая категория товаров, в отношении которых действуют собственные правила таможенного оформления.

В этой связи вопрос: о каком конкретно перечне товаров, вывозимых в качестве припасов, идет речь в рассматриваемом протоколе, будут ли данные припасы предназначены для дальнейшей реализации? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Спасибо за вопрос. Эти припасы не будут реализовываться в дальнейшем. Это ответ на вторую часть вопроса.

По первой части вопроса. Что такое припасы? Припасы – это вид товаров, которые предназначены для нормальной эксплуатации транспортных средств, которые их перевозят. Например, если это железнодорожный транспорт, то это дизельное топливо в баках локомотивов. Если это грузовой или автомобильный транспорт, то это дизельное топливо либо бензин, предназначенный для нормальной эксплуатации транспортного средства, его передвижения. Если это авиатранспорт, то это авиационный керосин, который находится в баках. То есть это тот товар, то топливо, которое необходимо для нормальной эксплуатации транспортного средства. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бауыржан Нұралыұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Рассматриваемый закон является одним из шагов проводимой работы по свободному перемещению товаров в рамках Евразийского экономического союза, а также укреплению межгосударственных отношений между Казахстаном и Россией.

Несомненно, двустороннее сотрудничество в обозначенной области позволит казахстанским предпринимателям самостоятельно выбирать российских продавцов нефтепродуктов, определяя приемлемую для себя цену и условия поставки.

Вместе с тем, на наш взгляд, данный закон еще более актуализирует проблему сохраняющейся зависимости Казахстана от импорта нефтепродуктов. По данным Министерства энергетики, за 10 месяцев текущего года потребление автобензина в стране превысило производство на 9 тысяч тонн, авиакеросина – на 231 тысячу тонн, дизельного топлива – на 499 тысяч тонн.

Такое недопроизводство нефтепродуктов в Казахстане, как известно, регулярно приводит к дефициту, перекрываемому за счет импортных поставок, объем которых за вышеуказанный период достиг 740 тысяч тонн.

Анализ показывает, что данная тенденция ухудшается с каждым годом. К примеру, в 2019 году в Казахстан суммарно было завезено 376 тысяч тонн автобензина, авиакеросина и дизельного топлива. То есть практически в два раза меньше, чем за неполный 2023 год. При этом проблема нехватки нефтепродуктов остается нерешенной даже после проведенной модернизации отечественных нефтеперерабатывающих заводов.

В этой связи считаю, что главной задачей для Правительства должна стать не ориентированность на решение проблемы дефицита нефтепродуктов посредством импортных поставок, в частности из России, а обеспечение потребностей внутреннего рынка исключительно за счет собственного производства.

Құрметті әріптестер, мен қарастырылып отырған заңды қолдаймын, сонымен қатар сіздерді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Хаттама Ресей Федерациясымен мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу кезінде туындайтын жекелеген мәселелерді реттеуге бағытталған.

Мақұлданған заң екі ел арасында бұл саладағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! С сентября 2023 года по поручению Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева бесплатным питанием охвачены все учащиеся 1-4 классов, а также дети из социально уязвимых семей.

Главная цель инициативы Главы государства – благополучие детей, в том числе укрепление их здоровья.

Интеллектуальный потенциал человека во многом зависит от полноценного и сбалансированного питания. Одним из критически важных периодов в развитии человека является школьный возраст. В этой связи школа является оптимальной платформой для решения вопросов здорового питания наших детей. Организация Объединенных Наций также признает жизненно важную роль школьного питания.

При этом поставлена задача не просто накормить, а именно обеспечить здоровым питанием. По последним данным, распространенность анемии среди казахстанских детей составляет 58 процентов, дефицит витамина А – 23 процента. Вызывает тревогу рост хронических неинфекционных заболеваний у детей, что повышает риск преждевременной смертности и инвалидизации во взрослом возрасте.

За простыми словами «школьное питание» стоит здоровье детей. Но можем ли мы сегодня быть уверены в его качестве и безопасности, эффективно ли используются колоссальные бюджетные средства?

Как мера государственной поддержки, в течение последних четырех лет организации дошкольного и школьного образования проверялись только по конкретным фактам угрозы жизни и здоровью населения, то есть постфактум. Несмотря на сложные последствия массовых отравлений, меры по приостановлению деятельности организаций, как правило, не применялись в силу их социальной значимости.

По основной массе жалоб, публикуемых в социальных сетях, на качество питания проверки не проводились в связи с отсутствием официального обращения. Однако за этот же период имеет место рост зарегистрированных случаев групповой заболеваемости, связанных с питанием на объектах образования. С 2020 года порядка 425 детей школьного возраста пострадало вследствие групповых пищевых отравлений.

Основные причины связаны со случаями носительства возбудителей кишечной инфекции среди персонала столовых, подделкой документов о прохождении медицинских осмотров, отсутствием санитарно-эпидемиологических заключений на объект, нарушениями условий хранения и реализации продуктов питания и многое другое.

Внеплановые проверки сегодня возможны только при наличии заявления, если они содержат конкретные факты причинения вреда и угрозы жизни и здоровью. При отсутствии в обращениях перечисленных сведений органы правовой статистики и специальных учетов Генеральной прокуратуры отказывают в регистрации, с одновременным возбуждением административного дела на должностных лиц санитарно-эпидемиологического контроля

по статье 173 «Незаконное вмешательство должностных лиц в предпринимательскую деятельность» КоАП.

Сегодня в стране функционирует 7381 школа. Ежедневно более 1,5 миллиона детей получают питание, их число будет расти. Поэтому меры по обеспечению безопасности жизни и здоровья детей необходимо усилить.

Необходимы меры профилактического контроля за всеми детскими объектами, в том числе финансируемыми из государственного бюджета на питание, образование и лечение.

Для обеспечения объективности и эффективности государственного контроля полагаем необходимым предусмотреть проведение проверок без уведомления, с возможностью приостановления или запрещения деятельности объектов по итогам расследования.

Следующее, на что необходимо обратить внимание, – обеспечение оптимального микронутриентного статуса детей школьного и дошкольного возраста. Последствия одновременного дефицита нескольких микронутриентов в детском рационе могут быть чрезвычайно серьезными как для физического, так и умственного развития детей. К примеру, недостаточное потребление кальция в детском возрасте не позволяет достичь генетически предопределенной массы костной ткани, что впоследствии приводит к увеличению частоты переломов шейки бедра в зрелом возрасте в 1,5 раза.

Последняя оценка микронутриентного статуса казахстанских детей проводилась в 2016 году и ограничилась двумя регионами. Соответствующий мониторинг необходимо возобновить (это международная практика), проводить системно не менее одного раза в пять лет и использовать для формирования правильного рациона школьников по принципу «не оставить никого позади» с учетом региональной специфики.

Нормы питания отдельных категорий детей, утвержденные постановлением Правительства Республики Казахстан №320 от 2012 года, подлежат пересмотру ввиду завышенных суточных норм потребления сахара, соли и насыщенных жиров, превышающих рекомендации Всемирной организации здравоохранения в два раза и более.

Действующие с 2018 года единые стандарты организации питания сегодня реализованы только в 20 процентах школ. На данном этапе нет методологического единообразия в формировании меню для питания школьников разных возрастов.

Особого внимания требует вопрос квалификации сотрудников пищеблока. В каждой третьей школьной столовой работают повара без профессионального образования, 21 процент сотрудников не имеют специальной квалификации.

Доступ к чистой питьевой воде в организациях образования все еще остается проблемой. 68 процентов школьников приносят воду из дома, примерно 30 процентов школьников покупают воду в школе. Обеспечение доступа к питьевой воде в стенах школы сократит потребление детьми сладких напитков.

И несколько слов о стоимости школьного питания. Расчеты стоимости школьного питания учитывают только прямые затраты на приобретение продуктов, без учета несырьевых затрат. Это не позволяет обеспечить полноценное и сбалансированное меню. Недостаток финансирования предприниматели возмещают за счет продажи буфетной продукции, зачастую не самой полезной для здоровья детей. Необходимо также принять

рациональное решение по налогу на добавленную стоимость для поставщиков услуг школьного питания.

Уважаемый Алихан Асханович, высоко оценивая меры по организации бесплатного питания младших школьников страны, просим обеспечить его качество и безопасность.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, депутаты Комитета по социально-культурному развитию и науки Сената парламента Республики Казахстан». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентін сақтауларыңызды сұраймын.

Келесі сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Құрметті Берік Ноғайұлы! Мемлекет басшысы биылғы халыққа Жолдауында: «Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет», – деп геологиялық барлау ісіне айрықша назар аударуды тапсырған болатын. Біздің бүгінгі депутаттық сауалымыз осы маңызды салаға, соның ішінде қазба байлықтарын барлау ісін бақылауға қатысты болмақ.

Таяуда біздің атымызға Түркістан облысы Абай ауылының 127 азаматы қол қойған ұжымдық хат келіп түсті. Тұрғындардың жанайқайын жеткізген хатта көрсетілгендей «AURUS» ЖШС мекемесі 2019 – 2023 жылдар аралығында Көкбұлақ ауылына қарасты Қайыршақты өзенінің бойында алтын өндіру бойынша барлау жұмыстарын жүргізген. Хат иелері «Қазба жұмыстары жүргізілген Қайыршақты өзенінің бойы адам шошырлық экологиялық апаттық жағдайда қалған. Оңды-солды қазылған жерлерде ойдым-ойдым шұңқырлар пайда болған, ойраны шыққан, лас көлшіктерге толған орындар тегістелмеген, қайта қалпына келтірілмеген. Қайыршақты өзені суы тартылған арыққа айналған. Осылар енді қиянатын Абай ауылының Үлкен Көкбұлақ және Кіші Көкбұлақ өзендеріне жасағалы отыр деп араша сұрайды. Аталған елді мекендердің атақты Ақсу-Жабағылы қорығына жақын екенін ескерсек, расында тұмса табиғаттың талқандалғаны, тұнығының лайланғаны, бұлағының басы байланғаны жанға батады.

Осындай жағдайлардың Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы, Жетісу, Жамбыл облыстарында да болғанын баспасөзден жақсы білеміз. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында алтын іздеушілер Құлынжон өзенінің арнасын өзгерткен. «Қара қазушылар» қатары көбейіп келеді. Лицензияларында көрсетілген шектеулерден асып кеткен немесе тіпті арнайы рұқсаты, білікті маманы жоқ оңай олжа іздеушілер экологиялық талаптарды ескермейді. Қазба байлықтарын барлауда жаңа технологиялар қолданылмайды. Есесіне заңсыз жер қойнауын өндірушілер жабайы жолмен тау-тасты талқандап, бульдозер, грейдерлермен астаң-кестенін шығарады. Құрылыс материалдары үшін өзен жағалауларынан құм, тас, шағыл қазып алып, орнын толтырмай кететіндер қаншама. Жағалауларды жекешелендіріп алған кейбірі халық су ішіп отырған өзендерге түрлі химиялық реагенттер қолданады. Бұл үшін компания жазаланбайды, олардың

лицензияларын қайтарып алмайды, көбіне уақытша басқарып отырған менеджерлерге айыппұл салынумен ғана шектеледі. Мұнда жең ұшынан жалғасып жатқан жемқорлық немесе сыбайластық жатқан жоқ па? Археологиялық сараптама алмағандардың вандализмге барып, көне заманда кен орындары болған тарихи орындар мен тасқа түскен таңбаларды, петроглифтерді талқандап жатқаны бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде талай рет жазылды. Хатта жазылған Қайыршақты сондай тарихи орынның бірі. Сондықтан Қайыршақты өзенінің төңірегін қайта қалпына келтіру керек.

Геологиялық барлау туралы Президент тапсырмасы сапалы орындалуы тиіс. Мамандар еліміздің қазба байлықтарының 35 пайызы ғана анықталғанын айтады, қалған 65 пайызын зерттеу кезінде спутниктен бақылау сияқты жаңа технологияларды пайдалану керек. Қазба байлықтардың цифрлы картасын жасау да маңызды. Салаға қаржы бөлу, мамандар даярлау ісі де өзекті. Жалпы, салаға мемлекеттік реттеу қажет. Заң бұзғандарды жазалау, ол үшін жер қойнауын пайдалану инспекцияларын күшейткен абзал деп ойлаймыз.

Ата заңда Қазақстан жерінің үсті мен асты халықтың игілігі екені тайға таңба басқандай жазылған. Елдің иесі болса, жердің киесі бар. Кейбір барлау жүргізушілер осыны ескермей, халықтың қарсылығына қарамастан түрлі заң бұзушылыққа барып отыр. Осыған орай төмендегідей сұрақтар туындайды.

Біліктілігі, тәжірибесі жоқтарға неге лицензия беріледі?

Лицензияда көрсетілген талаптар неге сақталмайды?

Арнайы лицензиясы жоқтар неге қадағаланбайды және жазаланбайды?

Жалпы, геологиялық барлау жұмыстарының кешенді жоспары бар ма?

Бұл саланы цифрландыру қашан аяқталады?

Құрметті Әлихан Асханұлы! Құрметті Берік Ноғайұлы! Сіздерден заңнамаға сәйкес жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен Д. Қыдырәлі, Ғ. Сарыбаев, Г. Шиповских, Б. Жексенбай, А. Қапбарова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрге жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауалымыз Ақтөбе облысында орналасқан Киров атындағы бұрынғы Алға химия зауытына қатысты болмақ. Қазіргі таңда жүргізілген талдау нәтижелері бойынша шешім талап ететін бірқатар мәселелер анықталды.

Зауыт 1934 жылы құрылып, 1996 жылы ресми түрде банкрот деп танылды. Тоқтатылғаннан кейін зауыттың ғимараттары мен құрылыстары қирады, өндірістік алаң өндіріс қалдықтарымен толып кетті, шлам жинағыштар қалпына келтірілмеді.

Зауыт ешқашан өндіріс қалдықтарын қайта өндеген емес. Ол соғысқа дейінгі уақытта салынған, ол кезде қатаң санитариялық және экологиялық ережелер болған жоқ. Нәтижесінде инженерлік-техникалық, экологиялық және санитариялық-гигиеналық процестері жетілмеген жарты ғасырға жуық қызметтен кейін бор биогеохимиялық провинциясының қалыптасуымен зауыттың өндірістік алаңының, Елек өзені бассейнінің

аумағының табиғи ортасының химиялық экотоксиканттармен техногендік ластануы орын алды.

Өндіріс ағындары тазартусыз тікелей Елек өзенінің жайылмасына төгілді. 1963 жылдан 1980 жылға дейін өзеннің жайылмасында сүзгіге қарсы қалқансыз ағынды суларды қабылдау үшін жерасты суларының, кейіннен жерүсті суларының ластану көзіне айналған шлам жинағыштар пайда болды.

Қазіргі уақытта бор мен бірқатар ауыр металдардың құрамы Елек өзенінің суындағы гигиеналық нормативтерден Жайық өзенінің арнасына құйылғанға дейін суағардың бүкіл ұзындығы бойынша шөгінділерден асып түседі.

Жерүсті суларының ластану деңгейі бойынша Елек өзені өте ластанған санатқа жатады (ластану деңгейі бойынша 4-ші, 5-ші санатты құрайды). Қою жасыл, ақ, сары үйінділер оның бүкіл аумағында шашыраңқы. Бұл ауыр металдардың тұздары – тыңайтқыштар, күкірт қышқылы және кремний-фтор өндірісінің қалдықтары.

Әрине, бор мен хромның, сондай-ақ ауыр металдардың қосылыстары қоршаған орта объектілеріне (су, топырақ, өсімдіктер) ғана емес, сонымен қатар облыс халқының денсаулығына теріс әсер етуде. Бұл химиялық заттар адамға, жалпы, жануар, не өсімдік текті бактериялық улы зат және ерекше әсер ететін қауіптіліктің 1-ші және 3-ші санаттарына жатады.

2012 жылы зауыт аумағында орналасқан қалдықтар мен шлам жинағыштардың қалдықтары Алға ауданы сотының шешімімен республикалық меншікке берілді (бұл қазіргі Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі болып саналады).

2017 жылы министрлік зауыттың аумағында орналасқан шлам жинағыштардың химиялық және өнеркәсіптік қауіпті қалдықтарын жою жобасын әзірледі.

2022 жылы облыс әкімдігі зауыттың қалдықтарына жалпы түгендеу жүргізді, онда қалдықтардың кемінде 2,6 миллион тоннаны құрайтыны анықталды, ал 2017 жылы «Жасыл даму» акционерлік қоғамы 730,5 мың тоннаны ғана анықтағаны белгіленді.

Жоғарыда айтылған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, бірінші кезекте жобалық шешімдерге өзгерістер енгізу мәселесін қарастыру қажет деп санаймыз. Сондай-ақ алдыңғы жобада тозығы жеткен құрылыстарды бұзу және шлам жинағыштардың бөгеттерін жөндеу қарастырылмаған.

Зауыттың қауіпті қалдықтары республикалық меншікте екенін ескере отырып, қалдықтарды жоюдың жобалық құжаттамасын түзету мәселесі тиісті өкілетті министрлік деңгейінде шешілуі тиіс деп есептейміз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Аталған сауал миллионға жуық халқы бар өңірдің атынан жолданып тұрғанын ескере отырып, көтерілген мәселені өз қадағалауыңызға алуыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

Сауалдың толық мәтіні қосымша жолданатын болады.

Құрметпен Сенат депутаттары А. Нұғманов, Б. Қаниев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғүл Нұрғалиқызына беріледі.



ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының елімізде, әлемде болып жатқан оқиғаларға байланысты өз көзқарасы болу керек. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты» деген болатын. Биыл наурыз айында қабылданған Ақпараттық доктринада «телевизия мен радио аудиториясы ең ауқымды, ең ықпалды ақпарат көздерінің бірі болып қала береді. Отандық теле және радиостанцияларға тиісті көңіл бөлінген жағдайда олардың шетелдік медиа алпауыттарымен бәсекеге түсуге мүмкіндік беретіндей әлеуеті бар» делінген.

Қазақстанда тіркелген 83 телерадиокомпанияның 21-і республикалық деңгейде хабар таратады. Оның тек 15-і мультиплекске тегін еніп, хабар таратады. Ал қазақстандық көрермендерге ұсынылған шетелдік телеарналар саны 300-ге жуықтады.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда сырттан ағылған ақпараттық-насихаттық инъекциялардың күшеюі назар аудартады. Әсіресе шекаралық аймақтардың тұрғындары үшін шетелдік ақпарат көзі үйреншікті болған. Қазақстанда цифрлық эфирлік теледидарға көшу 2015 жылға жоспарланғанмен мерзімі 10 жылға созылып, әлі толыққанды аяқталған жоқ.

Цифрлық эфирлік теледидарға көшсек республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында 30 арнаға дейін, ал облыс орталығынан шалғай елді мекендерде 15 арнаға дейін телеарналарды трансляциялауға мүмкіндік пайда болып, 2-ші, 3-ші мультиплекс қосылып, отандық телеарналардың дамуына зор мүмкіндік ашылады деген уәде болған. Алайда әзірге мемлекеттік арналардан басқалары үшін мультиплексте хабар тарату арман болып отыр. Өңірлік, әсіресе шекаралық аумақтағы жекеменшік телеарналар одан орын ала алмайды, себебі бағасы удай қымбат, яғни жекеменшік арналардың дамуына, отандық контенттің көбеюіне өзіміз кедергі жасап отырмыз.

Республикалық телеарналарға балама іздеген көрермен Қазақстанмен шекаралас елдердің телеарналарына телміріп, жат елдің идеологиясын санасына сіңіруде. Бір өкініштісі, «Отау ТВ» арқылы отандық телеарналарымыздың өзге елге хабар таратуына шектеу болғанымен, тәуелсіздік алған жылдарда біз алыс-жақын шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан аумағына таралуына кең мүмкіндік жасадық. «Сұр» тарелкалар арқылы көрші елдің идеологиясы жерімізге еркін тарап, жас ұрпақтың санасын улап жатқанын, тіпті елге іріткі салатын жәйттерге әкеліп жатқанын көріп отырмыз.

Қазір цифрлық эфирлік теледидар Қазақстан халқының 92,66 пайызына қолжетімді. Алайда еліміз цифрлық хабар таратуға көшкенмен өңірлердегі жекеменшік телеарналар бұрынғы бейшара күйінде қалып отыр. Ақпарат тарататын телеарна дамымаса идеология да болмайды. Идеология дегеніміз тек Астана, Алматыда ғана емес, күллі өңірлерде жүргізіліп, халықтың көкейіндегі мәселе ашық айтылып, қарапайым қарашаның мұң-мұқтажы, сол жерде тұратын халықтың шынайы өмір сүру деңгейі көрініс табуы керек.

«Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады», — деген Бауыржан Момышұлы. Біз еліміздің қорғаныс саласына қыруар қаражат бөлеміз. Ал ақпараттық қауіпсіздік мәселесі шешілмеген жерде қорғанысқа қанша қаражат бөлсек те оның тиімділігі төмен. Күн сайын ғаламтордан ағылған жалған ақпаратқа тосқауыл бола алатын дәстүрлі медиа. Ал олардың негізгі табыс көзі – жарнама қазір азайып, оның өзі жалған ақпарат таратушыларға кетіп жатқанда мемлекеттік қолдау аса қажет.

Үкіметке өңірлік, әсіресе шекаралық аумақтарда ақпараттық қауіпсіздікті күшейтіп, жергілікті отандық контентті көбейту үшін:

біріншіден, өңірлердегі жеке телеарналар өгейдің күйін кешпей, бәсекелестік күресте күш-қуатын арттыруына жан-жақты қолдауды қарастыру қажет. Материалдық-техникалық жабдықталуына, мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге арнайы бағдарламалар қарастыру;

екіншіден, мультиплекске шекаралық аймақтардағы жеке меншік телеарналардың да қосылуына жағдай жасап, баға саясатын реттеуге көңіл бөлу;

үшіншіден, шекаралас елдердегі қандастарымыздың Қазақстан хабарларын көруге спутниктік таралым мүмкіндігін кеңейтуді қарастыру;

төртіншіден, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары, патриоттық, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, отбасылық құндылықтар және салауатты өмір салтын қолдау, ұлтаралық бірлікті нығайту, тағы басқа бағыттар бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаны іске асыру үшін өңірлік телеарналарға да арнайы гранттар беріп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын субсидиялауды қарастырған жөн;

бесіншіден, өңірлік және шекаралас аймақтардағы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары үшін арнайы салықтық жеңілдіктер қарастыру керек.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес сізден осы мәселе бойынша жоғарыда ұсынылған тиісті іс-шаралар жөнінде маған жазбаша түрде жауап жолдауыңызды сұраймын.

Құрметпен Сенат депутаттары Б. Жексенбай, Н. Жүсіп». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауал Парламент қабырғасында өткен Сенат Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың белсенді жастармен кездесуі барысында «Серпін – 2050» бағдарламасының қатысушылары тарапынан көтерілген мәселелерден туындады.

Еңбек күші артық өңірлерден шыққан жастарға жоғары білім бере отырып, оларды еңбек күшінің тапшылығы бар өңірлерге жұмысқа орналастыруға бағытталған «Серпін» бағдарламасы бойынша бүгінгі таңда 9 облыстағы 25 жоғары оқу орны мамандар даярлауда. Өкінішке қарай, бұл игі бастаманы жүзеге асыру барысындағы жіберілген кемшіліктер салдарынан жыл санап солтүстік өңірлерге оқуға ынта танытқан тұрғылықты қалған жастар

саны азайып келеді. Тіпті бүгінгі таңда «Серпін» бағдарламасының ресми сайтының жұмысы тоқтаған.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметі бойынша 2020 – 2022 жылдар арасында бағдарлама аясында оқуын тамамдаған 8 мың 948 бітірушінің 3 мың 200-і өңірлерде екі жыл еңбек өтілін өтеу міндеттемесін орындамаған. Ал жұмыспен өтеу міндетінен босатылғандар саны 4 мың 200 адамға жеткен. Бұл жеңілдікке тұрмыс құрып, өзге өңірге кеткен немесе балалы болған әйелдер мен магистратураға түсіп оқуын жалғастырғандар қол жеткізе алады. Бүгінгі таңда министрлік тарапынан 3 мың 200 адамға қатысты оқуға жұмсалған бюджет қаражатын өндіріп алу туралы сотқа талап арыз берілген.

Бағдарлама аясында қолына дипломын алған әр үшінші түлектің осылайша сотқа тартылуының басты себебі жұмыс таппай, баспана мәселесін шеше алмай тығырыққа тірелуі. Көп жағдайда жолдама берілген мекемелерде шын мәнінде ол жұмыс орындары жоқ болып шығады. Басқа мекемелер жұмыс өтілінсіз қабылдамайды, қабылдаса да 80-90 мыңнан жоғары жалақы төлемейді. Жатақханадан шығарылған, 100-120 мың теңгеге баспана жалдауға мәжбүр болған жастарға өз ауылдарына қайтудан өзге амал қалмауда. Түлектердің ірі қалаларды паналап, онсыз да еңбек күші артық жерлердегі NEET жастар қатарын көбейтіп отырғаны осыдан.

Бағдарлама түлектерінің жалпы санынан міндеттемеден босатылғандар мен орындамағандар санын алып тастасақ, тек 15 пайыз қатысушылардың сол өңірлерде жұмысқа орналасқанын топшылауға болады. Алайда бұл жерде де көзбояушылықтар бар.

Бағдарламаға қатысушылардың айтуы бойынша уәкілетті тұлғалар оларға жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе өзге заңды тұлғалармен келісіп зейнетақы қорына ай сайын төлем жасау арқылы міндеттемені жабудың жанама жолын көрсеткен. Көп жастар осы тәсілді пайдаланып, шын мәнінде мейрамханаларда даяшы, сауда орындарында сатушы, таксист, қарауыл, жүк тасушы және сол сияқты басқа да жұмыстармен айналысып жүр. Ал жоғары оқу орындарының ақпаратында түлектерінің 90-95 пайызы жұмыспен қамтылғаны айтылады. Бұл көрсеткішке бітірушілерден жұмысқа орналасу туралы сұраныс хатын талап етіп, хатты ұсынған жағдайда ғана дипломдарын табыстау арқылы қол жеткізілуде.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Студент – мемлекеттің даму потенциалын айқындайтын күш. Қай қалада студент көп болса, сол қаланың болашағы зор. «Серпін» бағдарламасы бойынша бітірген жастардың көпшілігі сол өңірлерде қалса, ол үміттің ақталғаны.

Осыны ескеріп «Серпін – 2050» бағдарламасының болашағын айқындау, бағыт-міндеттерін жүйелеп жетілдіру, жол қойылған олқылықтарды жою бойынша нақты шаралар қабылдау қажет деп білеміз. Сондай-ақ жас мамандарды бастапқы кезеңде ақысы төмен баспанамен, тым болмағанда жатақханамен қамтамасыз ету, екі жылдық еңбек өтемі аяқталған соң қолайлы шартпен қолжетімді баспаналы болуына жағдай жасау және еңбек күшінің тапшылығы бар өңірлердің өндірістік ерекшелігіне, қандай мамандар тапшы екеніне қарай жаңа бағыттар мен мамандықтарды енгізуді ұсынамыз.

Сізге депутаттық сауалдың толық нұсқасы жолданады.

Көтерілген мәселелер бойынша жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар А. Сатвалдиев, Е. Большерт, Д. Қыдырәлі, Ж. Асанова, С. Ершов, Б. Жексенбай, З. Кузиев, Н. Ниязова, Ғ. Сарыбаев, Г. Шиповских».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының электр энергетика саласы еліміздің тіршілігін қамтамасыз етудің, экономиканың жұмыс істеуі мен дамуының негізі болып табылатын аса маңызды сала.

Электр желілерінің көп бөлігі өткен ғасырдың 70-жылдарында салынған. 2002 – 2019 жылдар аралығында ұлттық электр желісін жаңғыртуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылды, нәтижесінде бастапқы жабдықтардың тозу деңгейінің төмендегені байқалады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы электр желілерінің орташа есеппен алғанда 66 пайыздан астамының тозығы жеткен. Мәселен, Ұлытау облысының Ұлытау ауданындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 356 шақырым, оның 70-80 пайызының тозығы жетіп тұр. Сондай-ақ Қаражал-Жайрем аумағындағы жалпы желілердің 60-65 пайызы тозып бітті, ал күрделі жөндеу жұмыстары көптеген жылдар бойы жүргізілмеген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірге электр желілерін бұдан былай өңірлік электр желісі компанияларына сенімгерлік басқаруға бере отырып, желілерді коммуналдық меншікке кезең-кезеңімен беру кестесін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізді.

Энергия беруші ұйымдардың саны 162 ұйымнан 133 ұйымға дейін қысқарды.

Энергия жеткізуші ұйымдардың басым көпшілігі жекеменшікте екенін ескере келгенде олар бюджет қаржысы есебінен салынған электр желілерін, иесіз электр желілерді және құрылыс салушылар салған желілерді қабылдауға мүдделі емес екені белгілі.

Энергия жеткізуші ұйымдар тарапынан электр желілерін қабылдаудың негізгі себептері:

әкімдіктерде электр желілерін құқық белгілейтін құжаттардың, оның ішінде жер актілерінің ішінара болмауы;

пайдалануға арналған шығындарды көздейтін нормаларды қолдану тәртібінің болмауы.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан өз кезегінде өңірлерде электр желілерін беруде проблемалар бар, атап айтқанда:

1) әкімдіктер сот иесіз деп таныған және коммуналдық меншікке түскен электр желілерін бұдан былай энергия беруші ұйымдардың қарамағына беру жөнінде жеткілікті жұмыс жүргізбейді;

2) коммуналдық желілерді өңірлік желілерге беру тәртібін көздейтін заңнан кейінгі актілердің болмауы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сізден мынадай кезек күттірмес шараларды қабылдауды қарастыруды сұраймыз:

1) иесіз электр желілерін өңірлік энергия жеткізуші ұйымдарға сенімгерлік басқаруға немесе өтеусіз пайдалануға беру тетігін әзірлеу;

2) құқық белгілейтін құжаттарды ресімдей отырып, иесіз электр желілерін анықтау мен оларды қарамағына қабылдау, оларды тиісінше пайдалану мен қызмет көрсету мақсатында осы объектілерді бұдан былай энергия жеткізуші ұйымдардың қарамағына беру жөнінде тиісті шаралар қабылдау;

3) жергілікті атқарушы органдар заңнамада белгіленген тәртіп бойынша иесіз желілер санын қысқарту жұмысын жеделдету;

4) желілерді қарамағына немесе сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде заңнамаға энергия жеткізуші ұйымдардың қызмет көрсетуге және пайдалануға арналған шығындарын ескеретін тариф өзгерту мүмкіндігін көздейтін тиісті түзетулер енгізу.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен депутат С. Медебаев, С. Шайдаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 7 желтоқсан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Бала құқықтары туралы конвенцияға хабарлар рәсіміне қатысты факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Факультативного протокола к Конвенции о правах ребенка, касающегося процедуры сообщений», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**

**Т.Т. ЖҮНІСОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУНУСОВА Т.Т. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. .... 2

ОСПАН Е.С. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі, вице-министр просвещения Республики Казахстан ..... 3

НИЯЗОВА Н.И. .... 3

ОСПАН Е.С. .... 4

НӘУТИЕВ Ә.И. .... 4

ОСПАН Е.С. .... 5

ҚАПБАРОВА А.Ж. .... 5

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о торгово-экономическом сотрудничестве в области поставок нефти и нефтепродуктов в Республику Казахстан от 9 декабря 2010 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Б.Н. ҚАНИЕВТИҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КАНИЕВА Б.Н. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. ....	8
АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан .....	8
АРҒЫНБЕКОВА А.С. ....	9
АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. ....	9
ЖҮНІСОВ Т.Т. ....	10
АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. ....	10
РЫСБЕКОВА Л.Т. ....	10

**Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 12

**Депутат Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ҚЫДЫРАЛИ Д.Қ. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылылову Б.Н. .... 14

**Депутат А.Ш. НҮҒМАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУГМАНОВА А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 15

**Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 17

**Депутат А.Г. САТВАЛДИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата САТВАЛДИЕВА А.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 18

**Депутат С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МЕДЕБАЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 20

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева